

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	№0358-18-ГК «Туризмнің цифрлық контентін жаңғырту: мобильді қосымшалар, панорамалық 3D турлар, интерактивті карталар және QR кодтар»
Жоба өзектілігі	Туризм саласының қазіргі дамуы жоғары сапалы және қолжетімді туристік қызметтерді қамтамасыз ететін инновациялық технологияларды енгізу қажеттілігімен қатар жүретін белсенді цифрландыру үрдісімен сипатталады. Туристік ағымдардың өсуі, тұтыну модельдерінің өзгеруі және мобильді құрылғылардың кеңінен қолданылуы ақпараттық, навигациялық және сервистік функцияларды біртұтас кеңістікте біріктіретін интеграцияланған цифрлық платформаларды құруды талап етеді. Бәсекелестіктің артуы және туристік тәжірибені жекелендіруге бағытталған жаһандық үрдістер жағдайында цифрлық контентті жаңғырту мен турист пен қызмет жеткізуші арасындағы өзара іс-қимылды тиімді ету маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Алайда қолданыстағы платформалар ұлттық туристік нарықтың ерекшеліктерін жиі ескермейді, бұл олардың практикалық маңыздылығын төмендетіп, саланың даму әлеуетін шектейді. Саяхат және туризмді дамыту индексінің (Travel & Tourism Development Index, 2024) деректері бойынша, Қазақстан 119 елдің ішінде 52-орынды иеленіп отыр. Бұл көрсеткіш туристік саланың орташа даму деңгейін сипаттап, елдің жаһандық туристік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін одан әрі цифрландыру мен инновациялық шешімдерді енгізу қажеттілігін айқындайды. Қазақстанда туризмді цифрландыру белсенді қалыптасу сатысында тұр, алайда ақпараттық ресурстардың бытыраңқылығы, бірыңғай деректер базасының болмауы және сервистердің жеткіліксіз интеграциясы сияқты мәселелер сақталуда. Заманауи IT-шешімдерді, соның ішінде мобильді қосымшаларды, 3D-турларды, интерактивті карталарды және QR-навигацияны енгізу туристік ақпаратқа ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етіп, отандық туризмнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын тұтас цифрлық экожүйені қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, туристік ресурстарды ілгерілетуге арналған инновациялық цифрлық платформаны әзірлеу мен іске асыру туризм саласындағы цифрлық трансформацияның стратегиялық бағыттарына және интеллектуалды технологияларды дамыту міндеттеріне толық сәйкес келетін өзекті міндет болып табылады.
Жоба мақсаты	Ресми сайт, мобильді қосымшалар және басқа да ақпараттық платформалар арқылы жұмыс істейтін туристік қызметтерді тіркеу және іске асырудың бірлескен порталы түрінде бірыңғай цифрлық контентті құру.
Жоба міндеттері	1. Жобаның тұжырымдамасы мен әдіснамасын әзірлеу. «TOURISMKAZ» цифрлық платформасының мақсаттарын, құрылымын, архитектурасын және негізгі қызмет бағыттарын айқындау, сондай-ақ туристік ақпаратты бірыңғай цифрлық форматта жинау, өңдеу және ұсыну үдерістерін реттейтін әдіснамалық құжаттар мен стандарттарды әзірлеу. 2. Алдын ала жобалық зерттеу және талдау. Қазақстандағы туристік қызметтердің цифрландыру деңгейін талдау, нысаналы

	аудиториялардың қажеттіліктерін зерттеу және туристер мен қызмет жеткізушілер арасындағы онлайн өзара іс-қимылдағы өзекті мәселелерді анықтау. Талдау кезеңінде пайдаланушылардың профильдері мен нарықтың негізгі сегменттерін модельдеу көзделіп, сервистердің дараландыруы мен тиімділігін арттыруға бағытталады. 3. Цифрлық платформаны жобалау және әзірлеу. Жүйенің архитектурасын, интерфейстерін, қауіпсіздік және компоненттердің өзара интеграциялау тетіктерін қамтитын техникалық жобаны әзірлеу. Порталдың дизайны мен негізгі цифрлық сервистерге қолжетімділікті қамтамасыз ететін «TOURISMKAZ» мобильді қосымшасы жасалады. Жобаның контенттік экожүйесінің негізін құрайтын туристік нысандар, маршруттар мен көрікті жерлердің деректер базасын толықтыруға ерекше назар аударылады. 4. Саланың қатысушыларын интеграциялау және цифрлық өзара іс-қимыл. Туристік нарық жеткізушілерінің (туроператорлар, қонақүйлер, көлік компаниялары және т.б.) қызметтерін платформада орналастыру, сондай-ақ ұлттық туризм экожүйесімен интеграциялау тетіктерін әзірлеу. Пайдаланушылардың жеке сұраныстарына бейімделген іздеу жүйесін жетілдіру, туристік нысандар үшін QR-кодтар генерациялау және 3D-турларды портал мен мобильді қосымшаның интерфейсіне енгізу жоспарлануда. 5. Жүйені сынақтан өткізу және жетілдіру. Порталдың өнімділігін, ақпараттық қауіпсіздігін және пайдаланушылық тәжірибесін (UX) бағалауды қамтитын кешенді аудит жүргізу. Апробация нәтижелері бойынша пайдаланушылардың пікірлері мен салалық сарапшылардың ұсыныстарын ескере отырып, мобильді қосымшаның жетілдірілген нұсқасы іске асырылады. 6. Жобаны енгізу және ілгерілету. Цифрлық платформаны тиімді танымал ету мақсатында ақпараттық семинарлар ұйымдастырылады, әлеуметтік желілерде SMM-ілгерілету жүргізіледі және жоба нәтижелерін таныстыру мен стратегиялық серіктестерді тарту үшін халықаралық форумдарға қатысу көзделеді. Сондай-ақ туристік саланың негізгі қатысушыларымен әріптестік туралы шарттар жасасу жоспарланып отыр. 7. Техникалық қамтамасыз ету және сүйемелдеу. Қажетті жабдықтарды сатып алу, серверлік инфрақұрылымды баптау және жүйенің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету. Порталдың цифрлық инфрақұрылымының тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қолдауға бағытталған ақпараттық және бағдарламалық сүйемелдеу ұйымдастырылады. 8. Есептілік және құқықтық қорғау. Әр кезеңнің қорытындысы бойынша аралық және қорытынды есептерді «Ғылым қоры» АҚ-ына дайындап ұсыну жоспарлануда. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мақсатында «TOURISMKAZ» мобильді қосымшасына авторлық куәлік алу көзделеді.
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	– туристік өнімдер мен туристік қызметтерді сату бойынша сервис құрылды (https://tourismkaz.kz/); – «TOURISMKAZ» мобильді қосымшалары әзірленді: - https://apps.apple.com/kz/app/tourismkaz/id1580329469 - https://play.google.com/store/apps/details?id=kz.qaztourism.customer&pli=1 – «TOURISMKAZ» мобильді қосымшаларына авторлық куәліктер алынды;

	– туристік нысандардың панорамалық 3D турлары әзірленді; – туристтерге арналған интерактивті карта жасалды.
Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	1. Актымбаева Алия Сағындыковна, г.ғ.к., доц. h-index – 7, Scopus: 55916649100, Web of Science: N-9777-2014; ORCID ID: 0000-0003-1269-4356 2. Исмаил Гүлім Жарасқызы, PhD Candidate: h-index – 3, Scopus: 57205624248, Web of Science: ABF-3183-2021; ORCID ID: 0000-0002-2330-1063. 3. Нұрұлы Елдар, PhD Candidate: h-index – 4, Scopus: 57198426770, Web of Science: V-7078-2017; ORCID ID: 0000-0002-9321-2285. 4. Плохих Роман Вячеславович, г.ғ.д., доц. h-index – 5, Scopus: 57205339295, Web of Science: AAK-3042-2020; ORCID ID: 0000-0002-4396-4489. 5. Сапиева Акмарал Женисбаевна, PhD Candidate: h-index – 3, Scopus: 58309908500, Web of Science: ABC-9046-2022; ORCID ID: 0000-0001-7717-8139. 6. Рабат Шынғыс Жексенбайұлы, «5B070300 – Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры 7. Тычков Никита Валерьевич, «6M09200 – Туризм» мамандығы бойынша ғылым магистрі. 8. Қалиева Аида Болатханқызы, докторант: h-index – 3, Scopus: 58793527700, Web of Science: AFI-4744-2022; ORCID ID: 0000-0002-1324-5192.
Пайдалану	<i>Қолдану салалары:</i> – Туризм және қонақжайлылық – Мемлекеттік басқару және өңірлік жоспарлау – Ақпараттық технологиялар және цифрландыру – Туризм саласындағы білім беру және маркетинг <i>Практикада қолдану:</i> – Қазақстанның туристік саласын цифрландыру — нарық қатысушыларын (туроператорлар, қонақүйлер, көлік компаниялары және т.б.) біріктіретін бірыңғай «TOURISMKAZ» платформасын құру арқылы жүзеге асырылады. – Туристерге өзекті, дербестендірілген және интерактивті ақпарат ұсыну мақсатында интеллектуалды сервистер мен мобильді қосымшаларды енгізу. – Туристік нысандардың қолжетімділігі мен тартымдылығын арттыру үшін 3D турлар мен QR-кодтарды әзірлеу және интеграциялау. – Елдің туристік ресурстары бойынша деректер базасын қалыптастыру, оны талдау және саланың даму мониторингін жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету. – Туризм саласында мемлекеттік құрылымдар мен бизнес арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін цифрлық құралдар мен деректердің ашықтығы арқылы арттыру. – Қазақстанның мәдени және табиғи мұрасын қазіргі IT-шешімдер мен мультимедиялық контент арқылы насихаттау. – SMM-ілгерілету және халықаралық форумдарға қатысу арқылы ішкі және келу туризмін ілгерілету мүмкіндіктерін кеңейту. <i>Күтілетін пайда:</i>

	– Қазақстанның туристік саласының халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру. – Туристік ағымдардың өсуі және ішкі туризмді дамыту. – Саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру және шағын мен орта бизнесті ынталандыру. – Туризмнің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін заманауи цифрлық инфрақұрылымды қалыптастыру. – Дербестендірілген цифрлық шешімдер арқылы туристік қызметтердің сапасын және пайдаланушылардың қанағаттанушылығын арттыру.
Нақты баламалармен салыстырғандағы басымдықтары	– Жоба портал, мобильді қосымшалар, панорамалық 3D-турлар, интерактивті карталар мен QR-технологияларды біріктіретін бірыңғай цифрлық жүйе арқылы туристік дестинацияларды ілгерілету мен басқаруға бағытталған. Қазақстанда және шетелде бар көптеген ұқсас шешімдер тек анықтамалық порталдар құрумен немесе жеке цифрлық сервистермен шектеледі, яғни мультимедиялық және интерактивті контентті кешенді біріктіру жүзеге аспаған. – Қолданыстағы платформалардан айырмашылығы, жоба 3D-турлар мен панорамалық шолулар арқылы туристік нысандарды интерактивті визуализациялауды қарастырады, бұл пайдаланушылардың қызығушылығын арттырып, өңірлердің туристік әлеуетін көрсету сапасын едәуір жақсартады. – Жобаның ерекшелігі – мәдени және табиғи мұра нысандарына бекітілген QR-кодтарды енгізу. Бұл кодтар мультимедиялық контентке және аумақ бойынша навигацияға жедел қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Мұндай технология қазақстандық туристік тәжірибеде жүйелі түрде әлі қолданылмаған. – Жоба навигация, брондау, маршруттардың мультимедиялық сүйемелдеуі және туристік ағымдарды талдау функцияларын біріктіретін жаңа буын мобильді қосымшасын жасауға бағытталған, бұл оны дәстүрлі туристік каталогтар мен веб-сайттардың шеңберінен шығарады.
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	– Plokhikh, R., Fodor, G., Shaken, A., Berghauer, S., Aktymbayeva, A., Tóth, A., Mika, M., & Dávid, L.D. (2022). INVESTIGATION OF ENVIRONMENTAL DETERMINANTS FOR AGRITOURISM DEVELOPMENT IN ALMATY REGION OF KAZAKHSTAN. <i>GeoJournal of Tourism and Geosites</i>, 41(2), 354–361. https://doi.org/10.30892/gtg.41203-837 – Kulakhmetova, G., Aktymbayeva, A., Assipova, Zh., Baoleer, B., & Koshkimbayeva, U. (2022). CURRENT PROBLEMS IN THE TOURISM AND HOTEL INDUSTRY TAKING THE WORLD'S TOURIST CITIES AS AN EXAMPLE. <i>GeoJournal of Tourism and Geosites</i>, 43(3), 841–849. https://doi.org/10.30892/gtg.43301-895 – Issakov, Y., Aktymbayeva, A., Savanchiyeva, A., Assipova, Z., Taukebayeva, M., Moldagaliyeva, A., Burakov, M., Kai, Z., & Dávid, L.D. (2025). Opportunities and perspectives of formation of the mountain tourism cluster in Almaty agglomeration. <i>GeoJournal of Tourism and Geosites</i>, 58(1), 105–118. https://doi.org/10.30892/gtg.58109-1394.

Патент туралы ақпарат	<i>Авторлық құқық туралы куәліктер:</i> – Авторлық құқық объектілеріне құқықтар туралы мемлекеттік тізілімге енгізілген мәліметтер туралы куәлік (авторлық құқық объектісінің түрі: электронды есептеу машинасына (ЭЕМ) арналған бағдарлама). Атауы: «TourismKaz» мобильді қосымшасы (тұтынушыларға арналған нұсқасы)», № 20738, 2021 жылғы 8 қазан. Құқық иеленушілер: Ақтымбаева А.С., Китебаев А.Е., Нұрұлы Е., Исмаил Г.Ж. https://copyright.kazpatent.kz/?!.iD=I82y – Авторлық құқық объектілеріне құқықтар туралы мемлекеттік тізілімге енгізілген мәліметтер туралы куәлік (авторлық құқық объектісінің түрі: электронды есептеу машинасына (ЭЕМ) арналған бағдарлама). Атауы: «TourismKaz» мобильді қосымшасы (қызмет жеткізушілерге арналған нұсқасы)», № 23170, 2022 жылғы 31 қаңтар. Құқық иеленушілер: Ақтымбаева А.С., Китебаев А.Е., Нұрұлы Е., Исмаил Г.Ж., Рабат Ш.Ж. https://copyright.kazpatent.kz/?!.iD=DREW
!!! Толтырылған формамен бірге электрондық поштаға жобаны визуализациялау үшін проектке сәйкес фотосуреттер мен бейнематериалдарды тіркеуіңізді сұраймыз.	

Медиа материалға қол жеткізу сілтемесі осында:
<https://drive.google.com/drive/folders/1l7m3yR-ZkpfQU0sWyn8DJ5AGeMdDkaoc?usp=sharing>